

Е. М. Нұрғалиев,
педагогика және басқару теориясы кафедрасының
аға оқытушысы, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗІРГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасы қазіргі қоғамының заманауи даму кезеңінде ғылымның және білім берудің әлеуметтік-экономикалық жүйесінде бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауға мақсатты бағытталу барысындағы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің 2015 жылға дейін даму тұжырымдамасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау, енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңдағы біздің қоғамда болып жатқан әр алуан өзгерістер білім беру саласында, мамандарды дайындау жүйесінде айтарлықтай жаңарыстардың туындауына ықпал етуде. Олай болса еліміздегі білім беру жүйесі бұл жаңарыстардан шеттеп қалуы мүмкін емес. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытудың алдына жаңа міндеттер қоюға ықпал етеді. Тыңдаушыларға білім берумен ғана шектелмейді. Бірге олардың бойында танымдық қызығушылық пен қабілеттің шығармашылық ойлаудың дербес ақыл-ой еңбегімен айналысу шеберлігі мен дағдыларының қалыптасуы мен дамуына ықпал жасайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің міндеттері баяндалған. Солардың бірі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері, тұлғаның қалыптасуына дербес дамуына және кәсіпкерлікті меңгеруіне бағытталған. Шығармашылықты рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, білім алуға қажетті жағдайлар туғызу болып табылды. Бұл тапсырмаларды жүзеге асырудың қаншалықты тиімді болуы оқытудың сапасына тыңдаушылардың жоғары кәсіби дайындығын қажет ететін түрлері мен әдістерінің таңдалуына байланысты болады¹.

Егер жоғары оқу орнының оқу процесінде кредиттік технология арқылы тыңдаушылардың өздігінен оқу іс-әрекетін жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары енгізілсе, оқыту қызметінің білім берудегі тиімділігі арта түседі, өйткені мұнда бәсекелі маманды оқытуда жүйелілік пен біртұтастық принциптері жүзеге асады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орны тыңдаушыларын дайындау үрдісінде аталған оқыту технологиясын қолдануды қуаттай отырып, оны қарқынды түрде жүзеге асыруды көздейді.

Кредиттік оқыту жүйесі — даралану, білім беру траекториясының білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу, іріктелуі және даралану танымдылығы негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі болып табылады. Қазіргі таңда республиканың жоғары оқу орындарында кредиттік оқытудың еуропалық жүйесіне көшудің алғашқы қадамдары жасалынып бұл өзгеріс жүзеге асырылу үстінде. Кредиттік оқыту жүйесін 1869 жылы Гарвард университетінің президенті Чарльз Элиот енгізген. Бұл жүйе Америкада білім сапасын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін енгізілді. 1988 жылдан бастап Еуропа елдері кредиттік жүйеге өте бастады. 1999 жылы 18—19 маусым айында Еуропалық мемлекеттердің білім министрлерінің бірлескен отырысында кредиттік оқытудың еуропалық жүйесі қабылданды.

Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың іргелі төрт жүйесі бар. Олар: еуропалық жүйе — ESTS, американдық жүйе — USCS, британдық жүйе — CATS, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе — USTS. Қазақстанның білім жүйесі негізінен еуропалық жүйеге (ESTS) енді көздеп отыр. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия, т. б. іргелі мемлекеттерде білім беріледіⁱⁱ.

Республика білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшүіндегі басты мақсат — Қазақстан білім жүйесін әлемдік білім кеңістігіне енгізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту жүйесінің Ережесі Болон

декларациясының негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынған. Біздің көздеп отырған мақсатымыз — кредиттік оқытудың еуропалық жүйесіне (ESTS) ену. Әлемдегі 1200 университетте жоғары білім беру еуропалық кредиттік оқыту жүйесі негізінде іске асырылады.

Білім беру жүйесіндегі интеграциялық үрдістердің мақсаттары мынаған саяды:

- жоғары білім алуға мүмкіндік алудың шарты ретінде 12-13 жылдық мектептегі оқыту жүйесіне көшу;

- оқу мерзімі 4 жыл және біліктілігі еңбек нарығы сұранысын қанағаттандыратын, сондай-ақ әрі қарай білім алуды жалғастыруға жарайтын «бакалавр» дәрежесі бар аяқталмаған жоғары білім беру;

- «магистр» және «доктор» дәрежелері бар аяқталған жоғары білім беру;

- барлық ұлттық жоғары білім беру жүйелеріне European Credit Transfer System (ECTS) есептік бірлік жүйесін немесе қайта есептеу, жинақтау функцияларын қамтамасыз ететін және шетелде оқытудың академиялық талап тұрғысынан мойындалуына кепілдік беретін біріккен жүйені енгізу.

Кредиттік оқыту жүйесінің мақсаты мыналар:

- ұлттық білім бағдарламасының халықаралық дәрежеде танылуын қамтамасыз ету;

- білім сапасын әлемдік дәрежеде көтеру;

- студенттің өз іс-әрекетін ұйымдастыра алу және білімін жетілдіру қабілетін дамыту.

Кредит дегеніміз — студенттің немесе тыңдаушының оқу жұмыс көлемінің өлшем бірлігі. 1 несиені тыңдаушының академиялық кезеңдегі апталық дәрісханалық жұмысының 1 академиялық сағатына тең болады, академиялық сағат — 50 минут; дәріс — 50 минут; тәжірибелік семинар немесе студиялық сағаттар 1,5 сағат — 75 минут, зертханалық сабақтар, дене тәрбиесі 2 контактілі сағат — 100 минут; кез келген тәжірибе 5 контактілі сағат — 250 минутқа теңⁱⁱ.

Бірізді емес оқыту жүйенің бірізді жүйеден негізгі айырмашылықтары мына төмендегідей:

- оқу жоспарында қамтылған пәндерді тыңдаушылар еркін таңдай алады;

- жеке оқу жоспарын жасауға тыңдаушы тікелей қатыса алады;

- бірізді емес оқыту жүйесінде білім алушы кейбір қосымша несиені өздерінің қалаған уақыттарында алуға құқығы бар. Білім алушы өзі қалаған ғалымдардан дәріс ала алады;

- кредиттік технология бойынша оқытуда әр оқытушының оқу жүктемесін есептеу өткізілген материалдар көлеміне, яғни несиеге байланысты болады.

Кредиттік технологияның негізгі ерекшелігі — тыңдаушылардың жекелей оқу жоспарын құруында. Тыңдаушының жекелей оқу жоспары дегеніміз — эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына берілген форма бойынша әрбір жеке оқушының білім траекториясын айқындайды. Тыңдаушының жекелей оқу жоспары факультет бастығының қолымен бекітіледі, біреуі оқу жоспарын орындауы туралы факультетте сақталады, ал екіншісі тыңдаушының қолында боладыⁱⁱⁱ.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізі — тыңдаушының өз бетінше дамуына мүмкіндік туғызу. Тыңдаушының іс-әрекетін ұйымдастыра алуға және білімін жетілдіруге қабілетін дамыту мақсатын іске асыру үшін оқытушы мен тыңдаушы арасында типтік цикл іске асадыⁱⁱⁱ.

Оқытудың кредиттік жүйесі тыңдаушы мен оқытушының оқу үрдісіндегі орындарының өзгеруіне алып келеді. Осы жүйе іске енгізілген жағдайда тыңдаушының, ең жар қабылдаушыдан, оқу үрдісінің белсенді қатысушысына, білім алу үрдісінде оқытушының серіктесіне айналатыны сөзсіз. Сонымен қатар оқытушының да рөлі өзгеріске ұшырайды, ол бұрынғыдай ақпарат көзі емес, тыңдаушыларға ақпаратты өз бетімен іздеп-табуына бағыт сілтеп, ой елегінен өткіздіруге, меңгерген білімін тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Оқытудың кредиттік жүйесінің бір артықшылығы — педагогикалық шеберлікті үнемі жетілдіруді, оқу үрдісін ұйымдастырушылардың біліктілігін арттыруды, озық тәжірибемен алмасуды талап етеді. Бұл оқыту жүйесінде оқу үрдісін, оқу мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды жасақтау мен оңтайлы пайдаланудың әдіснамасымен де, практикасымен де қамтамасыз ету қажет^{iv}.

Кредиттік оқыту технологиясының ерекше артықшылығы — жоғары оқу орындарына академиялық еркіндіктің берілуі дер едік. Университеттегі оқу жүйесін ұйымдастырудың негізі — оның ашықтығы мен ұтқырлығы. Бұл қалай іске асады дегенге келсек, мамандық бойынша оқу жоспарын жасау, әр факультетте таңдап алынатын пәндер құрамын анықтау, оқытушының еркіндігі мен пән мазмұнын қалыптастыра алу, сонымен бірге, тыңдаушы жекелеген пәндер мен білім алу кезінде мұғалімді таңдау негізінде шешімін табады. Іс жүзінде оқытудың кредиттік технологиясының қорытындысына бақылау жүргізгенде әрбір студенттің нақты алған білімі, оның деңгейі мен дағдылары, сондай-ақ оқу-әдістемелік және қажетті маманмен қамтамасыз ету пәнінің дәрежесі анық көрінді. Яғни, заманға қарай талпыну, оң нәтиже бере бастады деген сөз. Кредиттік жүйемен жаңаша оқытудың соңғы жылдардағы тәжірибесі бізді әлемдік білім беру кеңістігіне сындарлы қарап, отандық білім беру жүйесінің көп жылдық тәжірибесін жоғалтпай, оны дұрыс бағалауды да үйретті. Жүргізілген сараптама осы жылдары университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы әлемдегі озық білім орындарының оң тәжірибелерін ескере отырып, оқу жүйесіне академиялық еркіндікті, оқытушылар мен студенттердің ұтқырлығын, оқытуды дербестендіруді қолға алды. Мұның мүлтіксіз жүзеге асуы көбінесе студенттерге байланысты болатыны түсінікті. Т. А. Стефановскаяның жоғары оқу орнына арналған оқу құралында дамудың басты шарты қарастырылған. Онда ғалым баланың дамуына басты шарт, оның іс-әрекетіне маңыз беру деп есептейді. Әсіресе, оның қоршаған ортаның шындығына белсенді түрде қатысуына педагогтардың назар аударуына көңіл бөледі^v.

Жоғары оқу орнында оқытудың педагогикалық шарттарының басымдығы — оқытушы-профессорлар мен тыңдаушылардың қарым-қатынасындағы іс-әрекеттің білім стандартына, мемлекет сұранымына сай кәсіби құзыретін өркендетуге қозғаушы күш болуы.

Қорыта келгенде, ЖОО-да кредиттік технологиямен оқытудың педагогикалық шарттары қисындық негізде екі негізгі және соңғы мақсатты көздейді — алдын ала жобалау және оның феноменальді пайдасы. Педагогикалық шарттар әрбір оқытушы-профессорлық құрам өздерінің теориялық ұстанымын айқындап, білім алудың кредиттік технологиясы тыңдаушыны білім беру жүйесінің белсенді қатысушысы болуға баулиды. Олардың оқытушымен бірге көптеген түйткіл мәселелерді шешу жолын іздеп, өздігінен жұмыс жасауға ұмтылуы көңілге қуаныш ұялатады. Жаңа жағдайда оқытушы сабақты өткізуге бағдарламалық оқу материалын ғана емес, өзінің өмірлік кәсіби тәжірибесін де пайдаланады. Әлемдік тәжірибеде кредиттік оқыту технологиясы оқытушылардың ұдайы қайта дайындықтан өтуін, кәсіби өсуін міндеттейді

ⁱ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы // <http://online.zakon.kz>

ⁱⁱ Чернилевский Д. В. Дидактические технологии в высшей школе. — М., 2002.

ⁱⁱⁱ Качалова Л. П., Телеева Е. В., Качалова Д. В. Педагогические технологии. — Шадринск, 2001.

^{iv} Иманбекова Б. Жоғары мектепте білім сапасын бақылауға түрлі амал тұрғысынан келу / Б. Иманбекова, Г. Амзеева // Оқыту — тәрбиелеу технологиясы. — 2009.

^v Лызь Н. А. Современные представления о высшем образовании в свете парадигмального анализа // Вестн. высшей школы. — 2008. — № 10. — С. 25—30.